

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру қағидаларын және шарттарын, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидаларын, сондай-ақ бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидаларын, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 24 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 ақпанда № 22217 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру қағидалары және шарттары, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары, сондай-ақ бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптар;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидалары, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар;

4) осы қаулыға 3-1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтару қағидалары бектілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2021 жылғы 12 ақпандағы
№ 24 Қаулыға
1-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру қағидалары және шарттары, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру қағидалары және шарттары, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66 және 73-баптарына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 27-бабына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қағидаларын және шарттарын, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Қағидаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жібереді.

Ескерту. Талаптар 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру тәртібі және шарттары

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – өтініш беруші, көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті органға Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) электрондық түрде береді.

Өтініш беруші өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) басталуына негіз уәкілетті органның Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын құруға рұқсат беру" Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген құжаттарды портал арқылы алуы болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш келіп түскен күні оны мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының талаптарына сәйкес келу толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мемлекеттік қызметтерді немесе цифрлық құжаттар сервисін көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мынадай құжаттарда көрсетілген:

Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент- жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауын растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент- заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді алады.

Барлық кіші түрлер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету процестері бірдей.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісін анықтау кезінде уәкілетті орган 43 (қырық үш) жұмыс күні ішінде олардың Заңның 27-бабының және Қағидалардың 5-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру (беруден бас тарту туралы) туралы қаулының жобасын (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) дайындайды және уәкілетті орган Басқармасының қарауына шығарады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті органның Басқармасы қаулыны қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге портал арқылы "жеке кабинетке" және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

8. Ұсынылған құжаттар Заңның 27-бабының және Қағидалардың 5-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беруден бас тарту үшін Заңның 28-бабында көзделген негіздерді қоспағанда, уәкілетті орган олардың қараудың Заңның 27-бабының 6-тармағында көрсетілетін мерзімі ішінде көрсетілетін қызметті алушыға осы ескертулерді және оларды жою мерзімін көрсете отырып портал арқылы хат жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы ескертулерді жояды және пысықталған (түзетілген) Заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін құжаттарды уәкілетті орган белгіленген мерзімде портал арқылы жібереді. Бұл ретте уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі үзілмейді.

9. Уәкілетті орган Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат береді және ол берген рұқсаттардың есебін жүргізеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды уәкілетті органның басшысы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Уәкілетті органның басшысына жіберілген шағымда:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы (жеке тұлғалар үшін);

2) атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні (заңды тұлғалар үшін) көрсетіледі.

Уәкілетті органның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) уәкілетті орган басшысының шағымның қабылдағанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының мынадай телефоны бойынша алуға болады: 8-800-080-7777 немесе 1414.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол уәкілетті орган шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

4-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар

12. Жеке тұлға құрылтайшылар жөніндегі мәліметтер Қағидаларға 4-қосымшада көзделген.

13. Заңды тұлға құрылтайшылар жөніндегі мәліметтер Қағидаларға 5-қосымшада көзделген.

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бизнес-жоспарына қойылатын негізгі талаптар Қағидаларға 6-қосымшада көзделген.

"Жалпы сақтандыру" саласында құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін жақын арадағы үш жылға және "өмірді сақтандыру" саласында құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бес жылға арналып әзірленген бизнес-жоспарды құрылтайшылар құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген тұлға бекітеді, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий растайды.

15. Қаржылық қадағалау органы, шет мемлекеттердің өзге де құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастыруға не апостилдеуге жатады (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда).

Шет тілінде ұсынылатын құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес нотариат куәландырады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру
қағидаларына және шарттарына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
1-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алуға өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

кімге

(уәкілетті органның толық атауы)

кімнен

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлғаның атауы, заңды тұлға, жеке тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

(өтініш берушінің құрылтайшылар атынан осы өтінішті беруге өкілеттіктерін растайтын нотариалды түрде немесе өзге де жолмен куәландырылған құжат

(өтініш берушінің жұмыс орны және оның атқаратын лауазымы, тұратын жері, заңды мекенжайы)

өтініш беруші-заңды тұлғаның уәкілетті органының "___" _____ ж.

№ __ хаттамасына (шешіміне) сәйкес: __

(жеке-дара шешім қабылдайтын жеке тұлға үшін талап етілмейді)

1)

(құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы мен орналасқан жері) ашуға рұқсат беруді;

Келесі тармақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуға ниет білдірген жағдайда

толтырылады:

2)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлғаның атауы (ол бар болса))

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі

қатысушысы мәртебесін алуға келісім беруді;

(қажетін таңдау керек)

Келесі тармақ еншілес ұйымды құруға немесе капиталға қомақты қатысуға рұқсат алуға

ниет білдірген жағдайда толтырылады:

3)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлғаның атауы (ол бар болса)

еншілес ұйымды құруға немесе капиталға қомақты қатысуға

(қажетін таңдау керек) рұқсат беруді сұрайды.

_____ ;

(ашылатын сақтандыру (қайта сақтандыру ұйымының атауы (қажет болатын жағдайда толтырылады)

Акциялар сатып алу үшін қолданылатын көздер мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялар сатып алу талаптары мен

тәртібі туралы мәліметтер

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

1) мекенжайы (орналасқан жері)

(пошталық мекенжайы)

2) жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес - сәйкестендіру нөмірі)

_____ ;

3) электрондық поштасы _____ ;

4) телефоны _____ ;

5) өтініш беруші заңды тұлғаның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және лауазымы _____

Қызмет бағыты: _____

(сақтандыру саласын, сыныптарын және түрлерін көрсету)

Құрылтайшы (құрылтайшылар) өтінішке қоса берілетін құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығын, сондай-ақ осы өтінішті қарауға байланысты сұралатын ақпаратты уәкілетті органға уақтылы ұсынылғанын растайды (растайды).

Құрылтайшы (құрылтайшылар) дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді (ұсынады).

(өтініш берушінің (өтініш беруші – заңды тұлға өкілінің) электрондық цифрлық қолтаңбасы (өтініш берушінің (өтініш беруші – заңды тұлға өкілінің) электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру
қағидаларына және шарттарына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
2-қосымша

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі " Құруға рұқсат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" кіші түрі бойынша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы		Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		Құруға рұқсат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталға өтініш берген күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні ішінде .
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
		Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсатты қоса беру арқылы сақтандыру (қайта

5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы хабарлама немесе уәкілетті орган Басқармасының тиісті қаулысын қоса беру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган - Кодекс пен Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат түрінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алуға өтініш; 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру туралы шешімдер қабылдау туралы куәландыратын

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжат мен мәліметтердің тізбесі

құжаттардың электрондық көшірмелері;
 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру үшін пайдаланылатын ақша көздері мен сомаларының сипаттамасын қоса алғанда, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрылтайшы жеке тұлғалар туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері (осындай құрылтайшылар болған кезде). Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын көздер "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 26-бабының 6-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген қаражат болып табылады;
 4) соңғы аяқталған екі қаржы жылындағы аудиторлық ұйым куәландырған қаржылық есептілігін, құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы бухгалтерлік балансты және пайда мен зиян туралы есепті қоса алғанда, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес құрылтайшы заңды тұлғалар туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері (осындай құрылтайшылар болған кезде). Соңғы аяқталған екі қаржы жылындағы қаржылық есептілік осы есептілік депозитарийдің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда ұсынылмайды;
 5) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес әзірленген бизнес жоспардың электрондық көшірмесі;
 6) өтініш беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің елінің сақтандыруды қадағалау органының өтініш берушіге Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға рұқсат берілгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі не

		осындай рұқсаттың қажет емес екені туралы өтініш (Қазақстан Республикасының бейрезидент-құрылтайшылары үшін). 7) өтініш берушіге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін, еншілес ұйымды құруға немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталына қомақты қатысуды иеленуге рұқсат алу қажет болған жағдайда, Заңның 26 және 32-баптарында көзделген құжаттар мен мәліметтер;
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздер: 1) ұсынылған құжаттардың Заңның 27-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында сәйкес болмауы не уәкілетті органның ол белгілеген мерзімде ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін жоймау; 2) құрылтайшының акцияларға ақы төлеуге меншікті қаражатының жетіспеуі; 3) уәкілетті органға құрылатын ұйымға және оның құрылтайшыларына қатысты шынайы емес ақпарат беру; 4) құрылтайшының екі соңғы аяқталған қаржы жылы үшін зиян шеккен қызметі; 5) уәкілетті органның Заңның 26-1-бабында көрсетілген негіздер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беруден бас тарту; 6) Заңның 26-бабында белгіленген шектеулерді сақтамауы; 7) жеке тұлға құрылтайшы не заңды тұлға құрылтайшының атқарушы органының, басқару органының бірінші басшысының алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы. 10) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына

		сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz порталда орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталы арқылы қашықтан қолжеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жиынтығын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру
қағидаларына және шарттарына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға №
_____ рұқсат

Осы рұқсат _____

—

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсаттың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін заңды күші болады.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

_____ жылғы " ____ " _____

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру
қағидаларына және шарттарына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
4-қосымша
Нысан
фотосуретке арналған орын

Құрылтайшы (жеке тұлға) туралы мәліметтер _____

_____ (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

1. Құрылтайшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))
2. Туған күні _____
3. Туған жері _____
4. Азаматтығы _____
5. Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____
6. Тұрғылықты жері және заңды мекенжайы _____
7. Телефон нөмірі _____
8. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы - аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (бар болса күні мен нөмірі)
1	2	3	4	5

9. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

		Жұмыс орны (қаржы ұйымы Қазақстан	
--	--	------------------------------------	--

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қаржы ұйымының тіркелу елін көрсете отырып)	Лауазымы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері
1	2	3	4	5

Ескертпе: Осы тармақта бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органында мүшелігі), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған сәттен бастап, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі.

10. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру үшін пайдаланатын ақша көздерінің және сомасының сипаты:

11. Өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына немесе акцияларын иеленуге қатысуы туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер, қызметінің жарғылық түрлері (қызметтің негізгі түрлерін атап көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшыға тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

12. Құрылтайшы - жеке тұлғада азаматтық алған елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елінде (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растайтын, олардың азаматтық алған елінің (тұрғылықты тұратын елінің – азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) не құрылтайшы - жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл ішінде тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер _____ . Көрсетілген

(иә, жоқ)

құжатты беру күні өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оны қолданудың өзге мерзімі көзделмеген жағдайда). Бұл құжатты азаматтық алған елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) тиісті органы береді (уәкілетті органға жауап және жеке басын куәландыратын құжатты (азаматтығы жоқ шетелдік үшін) жіберу арқылы.

Осы ақпараттың дәйекті және толық екенін растаймын.

Дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Құрылтайшының қолы _____

Күні _____

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру
қағидаларына және шарттарына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
5-қосымша
Нысан

Құрылтайшы (заңды тұлға) туралы мәліметтер

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы

1. Құрылтайшы _____

(заңды тұлғаның толық атауы))

2. Заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы

3. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер
(Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы үшін)

(күні, тіркеу органының орны, атауы))

4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

5. Қызмет түрі

(қызметінің негізгі түрлерін көрсету)

6. Құрылтайшының атқарушы органының бірінші басшысы
(атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

7. Құрылтайшының басқару органының бірінші басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

8. Соңғы күнтізбелік 3 (үш) жыл ішінде құрылтайшыда ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкроттық, консервация, сауықтыру болды ма

(олардың туындау себептері, осы мәселелерді шешу нәтижелері)

9. Құрылтайшы тұлға ірі акционер болып табылатын немесе жарғылық капиталына қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан да көп пайызына тікелей және (немесе) жанама ие

болатын ұйымдар туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер, қызметінің жарғылық түрлері (қызметтің негізгі түрлерін атап көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшы-заңды тұлғаға тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

10. Құрылтайшыда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен тізбесі белгіленген рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтингінің болуы туралы мәліметтер: _____.

11. Құрылтайшының атқарушы органының бірінші басшысында (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғада) азаматтық алған елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елінде (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растайтын, олардың азаматтық алған елінің (тұрғылықты тұратын елінің – азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) не құрылтайшы - жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл ішінде тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер

(иә, жоқ)

Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оны қолданудың өзге мерзімі көзделмеген жағдайда). Бұл құжатты азаматтық алған елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) тиісті органы уәкілетті органға жауап және атқарушы органның бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін (азаматтығы жоқ шетелдік үшін) жіберу арқылы береді.

12. Құрылтайшының басқару органының бірінші басшысында азаматтық алған елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елінде (азаматтығы жоқ

тұлғалар үшін) қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растайтын, олардың азаматтық алған елінің (тұрғылықты тұратын елінің – азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) не құрылтайшы - жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл ішінде тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер

(иә, жоқ)

Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оны қолданудың өзге мерзімі көзделмеген жағдайда). Бұл құжатты азаматтық алған елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) тиісті органы уәкілетті органға жауап және құрылтайшының басқару органының бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін (азаматтығы жоқ шетелдік үшін) жіберу арқылы береді.

Дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Құрылтайшы басшысының қолы _____

Күні _____

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын құруға рұқсат беру
қағидаларына және шарттарына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
6-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бизнес-жоспарына қойылатын негізгі талаптар

1. Жалпы мәселелер

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру мақсаттары.
2. Қызметтің негізгі бағыттарын қысқаша сипаттау: саласы, сыныптары, түрлері.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы ақпарат

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналасқан жері.
4. Филиалдар және (немесе) өкілдіктер құру.
5. Жалдайтын немесе тартатын заңгерлер, бухгалтерлер, актуарийлер (ішкі, тәуелсіз), аудиторлық ұйымдар туралы ақпарат, басқа ұйымдардың мамандарымен іскерлік байланыстар.
6. Қатаң есептегі құжаттарды сақтау жүйесін қамтамасыз ету.
7. Өндірістік қорларды: үй-жайдың (меншікті немесе жалға алынған), компьютер техникасының, бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы.

3. Маркетингтік зерттеулер және нарықтың сегменті

8. Саланы дамыту болжамдары, онда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін жүзеге асыру болжанады.

9. Құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын дамытуға бәсекелестіктің ықпалы: негізгі бәсекелестер, өнімдерді, баға стратегиясын, жарнама әдістерін салыстыру, нарық сегментінің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына немесе жекелеген өңірлерге, заңды немесе жеке тұлғаларға бағдары.

10. Нарықтағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыныбы бөлігінде болжанатын үлесі.

11. Нысаналы нарықтың демографиялық көрсеткіштері: жасы, жынысы, әлеуметтік экономикалық жағдайы, кіріс деңгейі, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін тұтынушыларының өмір сүру стилі (салты).

4. Сақтандыру өнімдерінің түрлері, қызметтері және оларды бөлу

12. Сақтандыру түрлерінің (сақтандыру өнімдерінің) тізбесі.

13. Сақтандыру өнімдерінің мазмұны.

14. Сақтандыру өнімдерін сату кезінде көрсетілетін қосымша қызметтер.

15. Сақтандыру өнімдерінің негізгі сатып алушылары.

16. Өңірлер бойынша сақтандыру өнімдерін бөлу.

5. Сақтандыру андеррайтингі

17. Сақтандыру сыныптарына байланысты сақтандыру андеррайтингі үшін тәуекел деңгейін сипаттайтын қолданылатын өлшемшарттар (тәуекелдерді қауіп көздері бойынша және қауіптің дәрежесі бойынша жіктеу, сақтандыруды өтеу мерзімін, талаптарын және мөлшерін айқындау, сақтанушы, сақтандыру объектісі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қарауына қарай басқа өлшемшарттар туралы деректерді талдау).

18. Сақтандыру тарифты айқындаған кезде сақтандыру андеррайтингіне ықпал жасайтын белгіленген сол сияқты ауыспалы шығыстарын көрсете отырып сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығыстарының шектеулі шамалары.

19. Сақтандыру андеррайтингіне жауап беретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басты тұлғалары туралы ақпарат.

6. Баға стратегиясы

20. Статистикалық ақпараттың немесе оларды сақтандыру нарығының басқа қатысушыларынан алу жөніндегі уағдаластықтың болуы туралы ақпарат.

21. Сақтандыру тарифтерін есептеу және оларды сақтандыру тарифтері мөлшерінің жоспарланатын диапазоны, статистикалық ақпараттың көздері, пайдаланатын әдістемесінің қысқаша сипаты қамтылатын бизнес-жоспарда көрсетілген сақтандыру сыныптары бойынша экономикалық негіздеу тәртібі.

22. Бағаның нарық қажеттілігіне сәйкес болуын негіздеу.

23. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баға стратегиясы және статистикалық ақпаратты жинау үшін жауап беретін басты тұлғалары туралы ақпарат.

7. Жылжыту стратегиясы және сақтандыру өнімдерін өткізу тәсілдері

24. Сақтандыру өнімдерін сату жүйесін ұйымдастыру және өткізуді ынталандыру (жарнама, почта, тікелей сату, интернет, сатуды жылжыту және басқалары).

25. Сақтандыру өнімдерін өткізу тәсілдері: тікелей сату, сақтандыру агенттері арқылы сату, интернет-сату және басқа тәсілдері.

26. Жарнама үшін жұмсалатын шығын болжамы.

8. Қаржылық жоспар

27. Болжанатын бухгалтерлік баланс және оның қосымшасы.

28. Сақтандыру сыныптары бөлігінде болжанатын кірістер және шығыстар.

29. Болжанатын әкімшілік шығыстар.

30. Ақша ағындары туралы болжанатын есеп.

31. Қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру көздері.

32. Қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып сол сияқты сақтандыру сыныптары бөлшегінде қайта сақтандырушы үлесін ескермей шығындылық коэффициенттерінің болжамы.

33. Мынадай:

екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының және мемлекеттік емес бағалы қағаздары құны жиырма бес және елу пайызға азайған;

сақтандыру резервтері жиырма бес және елу пайызға ұлғайған;

сақтандыру төлемдері елу және жетпіс пайызға ұлғайған;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерге тиесілі акцияларын сатқан жағдайларда, төлем қабілетсіздігін және қаржылық орнықтылығын сипаттау.

34. Акционерлерге дивидендтер төлеу.

9. Инвестициялық саясат

35. Инвестициялаудың мақсаттары.

36. Инвестициялардың типі бойынша әртараптандыруды және активтердің сапасын бағалауды қоса алғанда, инвестициялық портфельін және оның кірістілігін қалыптастыру.

37. Активтердің типіне, сондай-ақ тыс жерден қаражат тартуға байланысты инвестициялық шектеулер.

38. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының инвестициялық саясатына жауапты басты тұлғалары.

10. Қайта сақтандыру саясаты

39. Тәуекелдерді қайта сақтандыруға берген кезде:

1) сақтандыру сыныптары бойынша қайта сақтандырудың негізгі нысандары және әдістері, олардың өзара арақатынасы;

2) қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

рейтинг, капиталдың мөлшері және активтер деңгейі, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға тиісті қадағалау органы берген лицензияның болуы;

қайта сақтандыру ұйымының тұрақтылығы: нарықтағы компанияның уақыты мен жұмыс тәжірибесі, орналасқан жері, сақтандыру тәуекелдердің болуы;

қайта сақтандыру ұйымының іскерлік әлеуеті: қызмет түрлері бойынша талдау жүргізу, ірі төлемдер бойынша талдау жүргізу, клиенттермен өзара қатынас, баспасөзде жағымсыз немесе жағымды жарияланымдардың болуы;

3) қайта сақтандыру ұйымының қызметіне бақылау жасау, қайта сақтандыру талаптарын сақтауды қамтамасыз ету жүйесі;

4) ынтымақтастық жасау болжанатын қайта сақтандыру ұйымының атауы, сондай-ақ шетел қайта сақтандырушылардың болжамды үлесі.

40. Тәуекелдерді қайта сақтандыруға қабылдаған кезде:

1) қайта сақтанушыларды бағалаудың негізгі өлшемдері: тиісті қадағалау органның қызметті жүзеге асыруға лицензиясының болуы, қайта сақтанушыдан тәуекелдерді сақтандыруға алатын мамандардың кәсібилігі, ірі төлемдер бойынша талдау жүргізу, баспасөзде жағымсыз немесе жағымды жарияланымдардың болуы, қайта сақтанушыға экономикалық ықпал жасау шараларының болуы, өткен уақытта қайта сақтанушымен жүргізген жағымсыз және оң жұмыс тәжірибесі;

2) ұйымның қайта сақтандыру бойынша портфелін сипаттау (сақтандыру түрлері, әр түрдің үлес салмағы, сақтандыру сомасының лимиттері, қайта сақтандыруға беру талаптары бойынша).

11. Ұйымдық құрылымы

41. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылымы.

42. Директорлар кеңесінің бірінші басшысының және мүшелерінің, басқарманың бірінші басшысының және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бас бухгалтерінің біліктілігіне, біліміне, жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар.

43. Негізгі мамандарының, оның ішінде сақтандыру, қайта сақтандыру, андеррайтинг, ішкі аудит бөлімшелерінің қаржы директорының, басшыларының функционалдық міндеттерін сипаттау.

44. Мамандар білімінің болжамды деңгейі.

45. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысуы болжанатын кеңесшілер және қауымдастықтар туралы ақпараты.

46. Ішкі аудит қызметі (құрылымы, міндеттері, функциялары, құқықтары, міндеттері, басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, аудиторлық тексерулердің кезеңділігі.

47. Сақтанушылардың шағымдарымен жұмысты ұйымдастыру.

48. Қызметкерлерді және сақтандыру агенттерін оқытуды ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары, сондай-ақ бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары, сондай-ақ бизнес - жоспардың мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66 және 73-баптарына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-4, 30-1-баптарына (бұдан әрі – Заң) "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін, сондай-ақ бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Қағидаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жібереді.

Ескерту. Қағида 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру тәртібі

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Заңның 30-1-бабының 1-тармағына көрсетілген талаптарды орындау кезінде Қазақстан

Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш жасайды.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде береді.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері уәкілетті органға портал арқылы электрондық түрде не қағаз тасымалдағышпен Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтініш береді.

3. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы, өтініш беруші) өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде нәтиженің алынған күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратуды қабылдау туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда көзделген.

5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының шет тілде берілетін құжаттары қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылады және "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес нотариалды куәландырылған түрде уәкілетті органға беріледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қаржылық қадағалау органы, шет мемлекеттердің өзге де құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастыруға не апостилдеуге жатады (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда).

7. Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш келіп түскен күні оны мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жіберуді жүзеге асырады).

Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың Қағидаларға 2-қосымшаның 8-тармағының және 3-қосымшаның 8-тармағының талаптарына сәйке келуіннің толық болуын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметі" шлюзы арқылы құжаттарда көрсетілген мынадай мәліметтерді алады:

Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқ екендігін растайтын,;

Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасын, Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлға филиалын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы.

8. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде уәкілетті орган 43 (қырық үш) жұмыс күні ішінде оларды Заңның 16-4, 30-1-баптарының және Қағидалардың 4, 12-тармақтарының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде, уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру (беруден бас тарту туралы) туралы қаулының жобасын (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) дайындайды және уәкілетті орган Басқармасының қарауына шығарады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында не қағаз тасымалдағышта (Қазақстан

Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері қағаз тасымалдағышта өтініш берген кезде) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы хабарлама, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

Барлық кіші түрлер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету процестері бірдей.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Информация о стадии оказания государственной услуги обновляется в автоматическом режиме в информационной системе мониторинга оказания государственных услуг.

10. Ұсынылған құжаттар Заңның 16-4 және 30-1-баптарының және Қағидалардың 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Қағидаларға 2-қосымшаның 9-тармағында және 3-қосымшаның 9-тармағында көзделген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беруден бас тартуға негіздемелерді қоспағанда, уәкілетті орган Қағидаларға 2-қосымшаның 3-тармағында және 3-қосымшаның 3-тармағында көрсетілген оларды қарау мерзімі ішінде осы ескертулерді және оларды жою мерзімін көрсете отырып, хатты портал арқылы не қағаз тасымалдағышпен (Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері өтінішті қағаз тасымалдағышта берген кезде) көрсетілетін қызметті алушыға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы ескертулерді жояды және пысықталған (түзетілген) құжаттарды Заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес, уәкілетті орган белгіленген мерзімде портал арқылы не қағаз тасымалдағышпен (Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері өтінішті қағаз тасымалдағышта берген кезде) береді. Бұл ретте уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі үзілмейді.

11. Уәкілетті орган Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат береді және оларға берілген рұқсаттардың есебін жүргізеді.

3 тарау. Бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптар

12. Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ұсынылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бизнес-жоспарында (бұдан әрі – бизнес-жоспар), мынадай мәселелер көрсетіледі: Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашу мақсаты,

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылатын филиалы бағдарланған қызметтің негізгі бағыттарының және нарық сегменттерінің қысқаша сипаты, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және оның филиалы туралы ақпарат, нiмдердiң және қызметтердi түрлерi, оларды iске асыру тәсiлдерi, маркетингтік зерттеулер, сақтандыру андеррайтингi, баға стратегиясы, оның iшiнде сақтандыру тарифтерiн есептеу тәртiбi және олардың экономикалық негiздемесi, өнiмдердi жылжыту стратегиясы, сақтандыру өнiмдерiн бөлу, қаржылық жоспар, оның iшiнде зияндылық коэффициенттерiнiң болжамы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылатын филиалының қайта сақтандыру саясаты, еңбек ресурстарын тарту жоспары, уәкiлеттi органның талаптарына сәйкес келетiн тәуекелдердi басқаруды ұйымдастыру.

Бизнес жоспарды Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғасы не құжаттарға қол қоюға уәкiлеттi тұлға бекiтедi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарийi қол қояды және "жалпы сақтандыру" саласында ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары үшiн таяудағы үш жылға және "өмiрдi сақтандыру" саласында ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары үшiн бес жылға әзiрленедi.

4 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкiлеттi органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешiмдерiне, әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағымдану тәртiбi

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды уәкiлеттi органның басшысы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөнiндегi уәкiлеттi орган (бұдан әрi – шағымды қарайтын орган) жүргiзедi.

Шағым көрсетiлетiн қызметтi берушiге, шешiмiне, әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға берiледi.

Шешiмiне, әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағым жасалып отырған көрсетiлетiн қызметтi берушi, лауазымды адам шағым келiп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнiнен кешiктiрмей оны шағымды қарайтын органға жiбередi.

Көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң атына келiп түскен көрсетiлетiн қызметтi алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетiлетiн қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тiркелген күнiнен бастап 5 (бес) жұмыс күнi iшiнде қаралуға жатады

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөнiндегi уәкiлеттi органның атына келiп түскен көрсетiлетiн қызметтi алушының шағымы тiркелген күнiнен бастап 15 (он бес) жұмыс күнi iшiнде қаралуға жатады.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Уәкілетті органның басшысына жіберілетін шағымда:

1) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), почталық мекенжаы (жеке тұлға үшін);

2) атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні (заңды тұлға үшін).

Уәкілетті орган басшысының шағымды қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны уәкілетті органның кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефондары арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
филиалын,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерінің филиалын ашуға
рұқсат беру қағидаларына,
сондай-ақ бизнес-жоспардың
мазмұнына қойылатын
талаптарына
1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтініш

(уәкілетті органың толы атауы)

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атауы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокері өкілдерінің бизнес сәйкестендіру нөмірлері (бар болса), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(нотариат немесе басқа жолмен куәландырылған құжатқа сілтеме, өтініш берушінің осы өтінішті беруге өкілеттігін растайтын құжат

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атынан)

Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы

20__ жылғы " __ " _____ № _____
шешімге сәйкес:

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атауы) __

(шешімнің нөмірі мен күні, кім қабылдады)

_____ ашуға рұқсат беруді
сұраймын.

(Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылатын филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокері филиалының атауы және орналасқан жері)

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

электрондық поштасы _____

_____ телефондары _____

_____ Қызметтің бағыты: _____

(сақтандыру саласын, сыныптарын және түрлерін көрсету)

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің лауазымды адамы не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген тұлға өтінішке қоса берілетін құжаттар мен мәліметтердің анықтығын, сондай-ақ осы өтінішті қарауға байланысты сұралатын

ақпаратты уәкілетті органға уақтылы ұсынылуын растайды. _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қосымша (жіберілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, олардың әрқайсысы бойынша даналар мен парақтардың санын көрсету):

(Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің лауазымды адамының не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген тұлғаның қолы (электрондық цифрлық қолтаңбасы), күні)

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру)
ұйымының филиалын,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерінің филиалын ашуға
рұқсат беру қағидаларына,
сондай-ақ бизнес-жоспардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
2-қосымша

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі "Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашу" кіші түрі бойынша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашу
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталға өтініш берген күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні ішінде .
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсатты қоса беру арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы хабарлама немесе уәкілетті орган Басқармасының тиісті қаулысын қоса беру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң)

		сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган - Кодекс пен Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру туралы қазақ немесе орыс тіліндегі өтініш; 2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы шешімінің электрондық көшірмесі; 3) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы туралы ереже жобасының электрондық көшірмесі; 4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарының электрондық көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған); 5) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы мәліметтердің, оның ішінде аудиторлық ұйым растаған соңғы аяқталған екі қаржы жылының (бар болса шоғырландырылған есепті қоса алғанда) қаржылық есептілігін ұсына отырып, электрондық көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының ұйымдық құрылымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғалары туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғасы не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарийі бұрыштама қойған құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлға бекіткен, "жалпы сақтандыру" саласында ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін таяудағы үш жылға әзірленген және "өмірді сақтандыру" саласында ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін бес жылға әзірленетін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бизнес-жоспарының электрондық көшірмесі;

8) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлері лауазымдарына ұсынылатын тұлғалар құжаттарының электрондық көшірмелері;

9) бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін рейтингтік агенттіктердің бірінің өтініш берілген күнгі ең аз талап

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжат мен мәліметтердің тізбесі

етілетін рейтингінің болуын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

10) резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға қарсылықтарының жоқтығы туралы жазбаша хабарламасының не резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы өтініштің электрондық көшірмесі талап етілмейді;

11) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына қолданыстағы лицензияның бар екендігі туралы жазбаша растауының электрондық көшірмесі;

12) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді өтініш

	табыс етілгенге дейінгі екі жыл ішінде бұзушылықтардың жоқ екендігі туралы жазбаша растауының электрондық көшірмесі; 13) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін филиалының қызметіне байланысты міндеттемелерді филиал тарапынан орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, оларды сөзсіз, дереу орындауы туралы жазбаша міндеттемесінің электрондық көшірмесі; 14) резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қолданыстағы лицензиясының электрондық көшірмесі; 15) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабында көзделген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын есептік тіркеуге арналған құжаттардың электрондық көшірмелері; 16) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия бергені үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.
	1) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	(бұдан әрі – Заң) 30-1-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) ұсынылған құжаттардың Заңның 30-1-бабының 2-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) уәкілетті органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін олар белгілеген мерзімде жоймауы; 4) Заңның 30-1-бабы 2-тармағының 8) және 11) тармақшаларында белгіленген талаптарды сақтамау; 5) Заңның 28-бабы 1-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер; 6) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы атауының Заңның 23-бабы 7-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі 7) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты дәйексіз ақпарат ұсынуы. 8) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz порталда орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның

10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жиынтығын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.
-----	---	---

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру)
ұйымының филиалын,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерінің филиалын ашуға
рұқсат беру қағидаларына,
сондай-ақ бизнес-жоспардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы		Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		Жок
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).

2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі –портал); көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталға өтініш берген күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні ішінде .
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсатты қоса беру арқылы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы хабарлама немесе уәкілетті орган Басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық/қағаз түрінде.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес өтініштерді қабылдау және

		мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы қазақ немесе орыс тіліндегі өтініш (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда электрондық құжат түрінде); 2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы шешімі (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі); 3) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы туралы ереженің жобасы (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі); 4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің құрылтай құжаттарының көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) (құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда олардың электрондық көшірмелері); 5) Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері туралы, оның ішінде аудиторлық ұйым растаған соңғы аяқталған екі қаржы жылының (бар болса, шоғырландырылған есепті қоса

алғанда) үшін қаржылық есептілікті ұсына отырып, мәліметтер;

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері туралы, оның ішінде аудиторлық ұйым растаған соңғы аяқталған екі қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті (бар болса, шоғырландырылған есепті қоса алғанда) ұсына отырып;

6) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының ұйымдық құрылымы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда олардың электрондық көшірмелері);

7) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшы қызметкерлері лауазымдарына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда олардың электрондық көшірмелері);

8) резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға қарсылықтарының жоқтығы туралы жазбаша хабарламасы не резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

болып табылатын мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы өтініш (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда олардың электрондық көшірмесі);

9) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыруға қолданыстағы лицензияның бар екендігі туралы жазбаша растамасы (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі);

10) резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыруды реттейтін заңнама талаптарының өтініш берілгенге дейін екі жыл ішінде бұзылмауы туралы жазбаша растамасы (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі);

11) резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің құрылтайшысының (құрылтайшыларының) экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін соттылығы жоқ екендігі, сондай-ақ

құрылтайшы (құрылтайшылар) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері мемлекетінің басқа қаржы ұйымының басшы қызметкері ретінде қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиядан айыру, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерін мәжбүрлеп тарату, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырмағандығы туралы жазбаша растамасы (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі). Көрсетілген талап лицензиядан айырғаннан кейін, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерін мәжбүрлеп тарату, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады.

12) резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің қолданыстағы лицензиясының көшірмесі (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі);

13) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және

		филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-2-бабында көзделген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалын есептік тіркеуге құжаттар (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда олардың электрондық көшірмелері); 14) "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруге алым төлемін растайтын құжаттың көшірмесі (құжаттар портал арқылы ұсынылған жағдайда оның электрондық көшірмесі).
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	1) ұсынылған құжаттардың "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 16-4-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) ұсынылған құжаттар бойынша уәкілетті органның ескертулерін ол белгілеген мерзімде жоймауы; 3) Заңның 16-4-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасында белгіленген талаптардың сақталмауы; 4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы атауының Заңның 16-4-бабының 8-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі; 5) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокеріне қатысты дәйексіз ақпарат беру. 6) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап

		етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz. порталда орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жиынтығын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
филиалын,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерінің филиалын ашуға
рұқсат беру қағидаларына,
сондай-ақ бизнес-жоспардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
4-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға № _____ рұқсат**

Осы рұқсат _____

— (Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының атауы)

— (Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы
филиалының атауы)

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының филиалын ашуға берілді.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының филиалын ашуға рұқсаттың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу
, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына сақтандыру (қайта
сақтандыру) қызметін жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін
заңды күші болады.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

_____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
филиалын,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерінің филиалын ашуға
рұқсат беру қағидаларына,
сондай-ақ бизнес-жоспардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
5-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы (құжаттар қағаз тасымалдағыштар ұсынылған
жағдайда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі
уәкілетті органның бланкісіне бассып шығарылады) Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға № _____ рұқсат**

Осы рұқсат _____

— (Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атауы)

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының атауы)
Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалын ашуға берілді.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалын ашуға рұқсаттың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалына сақтандыру брокері қызметін жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін заңды күші болады.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

_____ жылғы " ____ " _____

Мөр орны (қағаз нысан үшін)

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
филиалын,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерінің филиалын ашуға
рұқсат беру қағидаларына,
сондай-ақ бизнес-жоспардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
6-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері туралы мәлімет

1. _____

_____ (Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің толық атауы).

2. Заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері

3. Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтама көшірмесін қоса бере отырып, мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер)

(күні, орны, тіркейтін органның атауы),).

4. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

5. Қызметтің түрі _____

(саланы, нысанын, сақтандыру сыныптарын, қайта сақтандыру жөніндегі қызметті, брокерлік қызмет түрлерін көрсету) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып.

6. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атқарушы органының бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

7. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің басқару органының бірінші басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

8. Соңғы күнтізбелік 3 (үш) жыл ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкротқа ұшырау, консервация, сауықтыру болды ма

(олардың туындау себептері, бұл мәселелерді шешу нәтижелері)

9. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері ірі акционер болып табылатын немесе жарғылық капиталына қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан да көп пайызына тікелей және (немесе) жанама ие болатын ұйымдар туралы мәліметтер.

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер, қызметінің жарғылық түрлері (қызметтің негізгі түрлерін атап көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның
---	---	--	--

			дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

10. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең аз рейтингтің, осы рейтингті беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен тізбесі белгіленген рейтингтік агенттіктердің бірі берген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің рейтингі болуы туралы мәліметтер _____.

11. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атқарушы органының бірінші басшысында (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғада) азаматтығы бар елде немесе тұрғылықты тұратын елде қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын құжаттың және жеке басын куәландыратын құжаттың (шетелдіктер үшін, азаматтығы жоқ адамдар үшін) электрондық көшірмесімен қоса, белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығының _____ екендігі туралы азаматтығы бар елдің не тұрғылықты тұрған елдің (тұрғылықты тұратын елде - азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органы берген мәліметтер. Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның өзге де қолдану мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Осы құжат азаматтығы бар елдің тиісті органы (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) уәкілетті органға жауап жіберу арқылы) және атқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжат (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін) ұсынады.

12. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің атқарушы органының басқарушы органының бірінші басшысында азаматтығы бар елде немесе тұрғылықты тұратын елде қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын құжаттың және жеке басын куәландыратын құжаттың (шетелдіктер үшін, азаматтығы жоқ адамдар үшін) электрондық көшірмесімен қоса, белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығының _____ екендігі туралы

(иә, жоқ)

азаматтығы бар елдің не ол соңғы 15 (он бес) жыл ішінде тұрғылықты тұрған елдің (тұрғылықты тұратын елде - азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органы берген мәліметтер. Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның өзге де қолдану мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Осы құжат азаматтығы бар елдің тиісті органы (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) уәкілетті органға жауап жіберу арқылы) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің басқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органының функциясын жеке жүзеге асыратын тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжат (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін) ұсынады.

13. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің мәліметтеріне соңғы аяқталған екі қаржы жылындағы аудиторлық ұйым куәландырған қаржылық есептілік (бар болса шоғырландырылғанды қоса алғанда) қосымша беріледі.

Дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері басшысының қолы _____

_____ Күні _____

Қаулыға 3-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидалары, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидалары, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 66 және 73-баптарына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 37-бабына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" (бұдан әрі – Көлік құралдарының АҚЖ туралы заң), "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" (бұдан әрі – Тасымалдаушылардың АҚЖ туралы заң), "Туристі міндетті сақтандыру туралы" (бұдан әрі – Туристі міндетті сақтандыру туралы заң), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Электрондық құжат және электрондық

цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау тәртібін анықтайды, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Қағидаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жібереді.

Ескерту. Талаптар 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2- тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау тәртібі

2. Сақтандыру брокерінің қызметін, сақтандырудың қосымша сыныптары, брокерлік қызметтің қосымша түрі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ресімделген электрондық құжат нысанындағы өтініш ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы "жеке кабинетіне" жіберген кезде нәтижені алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

3. Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылатын филиалы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алу үшін ұсынылған бизнес-жоспарда көзделген сақтандыру сыныптарының шегінде сақтандыру қызметін және қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алады.

4. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының

бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.

5. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы Көлік құралдарының АҚЖ туралы заңның 8-бабы 1-тармағы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы Тасымалдаушылардың АҚЖ туралы заңның 8-бабы 1-тармағы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Туристі міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы Туристі міндетті сақтандыру туралы заңның 7-1-бабы 1-тармағы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

6. "Жалпы сақтандыру" саласы және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке лицензия Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы сақтандыру қызметін уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берген лицензия негізінде Сақтандыру қағидалары болған кезде ғана жүзеге асырады.

8. Уәкілетті органның портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алуы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме болып табылады.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері сақтандыру брокерінің қызметін, сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, брокерлік қызметтің қосымша түрін жүзеге асыру құқығына лицензия беру туралы өтініш келіп түскен күні оны мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі - жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады. Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын

негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының, 6-қосымшаға сәйкес "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 8-тармағының, 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының, 8-қосымшаға сәйкес "Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке немесе исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының, 9-қосымшаға сәйкес "Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының талаптарына сәйкес келуінің толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімше 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде құжаттардың Заңның 37-бабының және Қағидалардың 11, 12 және 13-тармақтарының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған жағдайда, уәкілетті орган қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша өз пікірін білдіруі үшін тыңдаудың өту уақыты мен орны (әдісі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде 3 (үш) күн бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жіберген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша, жауапты тұлға тыңдаудан кейін бұйрық және лицензия жобаларын немесе лицензия беруден бас тартуды дайындайды, көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті органында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына, "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына, міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін

немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына, қайта сақтандыру немесе исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру (беруден бас тарту) туралы уәкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін уәкілетті органның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Барлық кіші түрлер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету процестері бірдей

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген:

1) "Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру;

2) "Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру";

3) "Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру";

4) "Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Қайта сақтандыру қызметіне немесе исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру";

5) "Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес "Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Лицензия алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар

12. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарға сақтандыру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар актуарий қол қояды және оны сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органы бекітеді.

Бизнес-жоспар сақтандырудың қосымша сыныбын (сыныптарын) (жалпы сақтандыру ұйымының қызметі бойынша) ескере отырып:

1) "жалпы сақтандыру" саласының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін таяудағы үш жылға және "өмірді сақтандыру" саласының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бес жылға – егер сақтандырудың қосымша (қосымша) сыныбы (сыныптары) бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін жүгінген күні, бұрын Заңның 27-бабына сәйкес ұсынылған бизнес-жоспар жасалған мерзім өткенге дейін екі жылдан аз уақыт қалған жағдайда;

2) Заңның 27-бабына сәйкес ұсынылған бизнес-жоспар жасалған мерзімнің соңына дейінгі кезеңге – егер сақтандыру ұйымы сақтандырудың қосымша сыныбы (сыныптары) бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін өтініш жасаған жағдайда, ол жасалған мерзім аяқталғанға дейін екі жылдан кешіктірмей Заңның 27-бабына сәйкес ұсынылған бизнес-жоспар жасалады және әзірленеді.

Заңның 27-бабына сәйкес бизнес-жоспарда талап етілетін ақпаратқа қосымша, бизнес-жоспарда мынадай ақпарат бар:

1) мыналардың:

сақтандыру сыныбы бойынша өтелетін тәуекелдердің;

сақтандыру портфелінің құрылымындағы сақтандыру сыныбы үлесінің;

сақтандыру сыныбы бойынша қызметтер көрсету нарығы сегментінің (нарық көлемінің, әлеуетті сақтанушылардың, географиялық жерінің);

сақтандыру сыныбы шеңберінде сақтандыру өнімдерін өткізу тәсілдерінің негізгі сипаттамалары (әрбір сақтандырудың қосымша сыныбы бойынша);

2) уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген, талаптарға сәйкес келетін, экономикалық негіздемемен сақтандыру тарифтерін есептеу (әрбір сақтандырудың қосымша сыныбы бойынша);

3) кірістер, шығыстар туралы болжам (жалпы сақтандыру ұйымы қызметі бойынша);

4) сақтандыру резервтері туралы болжам (жалпы сақтандыру және сақтандыру портфелінің қосымша сыныбы бойынша);

5) шығындылық болжамы, ең нашар және ең жақсы жағдайдағы тәуекелдерді бағалау, пруденциялық нормативтердің сақталу болжамы (жалпы сақтандыру ұйымының қызметі бойынша);

6) қайта сақтандыру саясаты (қайта сақтандыру нысандары мен әдістері, қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары);

7) инвестициялық саясат (жалпы сақтандыру ұйымы қызметі бойынша).

Инвестициялық саясат жөніндегі ақпаратта мынадай:

1) инвестициялау мақсаттары;

2) инвестиция түрлері бойынша әртараптандыруды және активтердің сапасын бағалауды қоса алғанда, инвестициялық портфельді және оның кірістілігін қалыптастыру;

3) активтердің түріне, сондай-ақ сырттан қаражат тартуға қарай инвестициялық шектеулер;

4) ұйымның инвестициялық саясатқа жауапты адамдары туралы мәліметтер ашып көрсетіледі.

Сақтандырудың бірнеше сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға өтініш берген кезде сақтандыру сыныптары бөлінісінде бір бизнес-жоспар ұсынылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі бекіткен және сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий қол қойған, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды адамы не құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлға бекіткен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарийі қол қойған жақын арадағы екі жылға арналған қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру жөніндегі Бизнес-жоспарда мынадай ақпарат қамтылады:

1) тәуекелдерді қайта сақтандыруға беру кезінде:

негізгі нысандар (факультативті, облигаторлық, факультативті-облигаторлық) және сақтандыру сыныптары бойынша қайта сақтандыруға қатысу әдістері/түрлері (үйлесімді, үйлесімсіз), олардың өзара арақатынасы;

қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (рейтинг, капиталдың мөлшері және активтер деңгейі, қызметті жүзеге асыруға тиісті қадағалау органы берген лицензияның болуы);

қайта сақтандыру ұйымының тұрақтылығы: компанияның нарықтағы жұмыс істеген уақыты мен тәжірибесі, орналасқан жері, сақтандыру тәуекелдердің болуы; қайта сақтандыру ұйымының іскерлік әлуеті: қызмет түрлері бойынша талдау жүргізу, ірі төлемдер бойынша талдау жүргізу, клиенттермен өзара қатынас, баспасөзде жағымсыз немесе жағымды жарияланымдардың болуы);

қайта сақтандыру ұйымының қызметіне бақылау жасау, қайта сақтандыру талаптарын сақтауды қамтамасыз ету жүйесі қалайша жүзеге асырылатын болады;

ынтымақтастық болжанатын қайта сақтандыру ұйымдарының атауы. Шетелдік қайта сақтандырушылардың болжамды үлесі;

2) қайта сақтандыруға тәуекелдерді қабылдаған кезде:

қайта сақтанушыларды бағалаудың негізгі өлшемшарттары: қызметті жүзеге асыруға тиісті қадағалау органның лицензиясының болуы, қайта сақтанушыдан сақтандыруға тәуекелдерді қабылдайтын мамандардың кәсібилігі, ірі төлемдер бойынша талдау жүргізу, баспасөзде жағымсыз немесе жағымды жарияланымдардың болуы, қайта сақтанушы - ұйымға экономикалық ықпал ету шараларының болуы, өткен жылдары осы ұйыммен жүргізген жағымсыз жұмыс тәжірибесі;

қайта сақтандыру бойынша ұйымның портфелін сипаттау (сақтандыру түрлері, әр түрдің үлес салмағы, сақтандыру сомасының лимиттері, қайта сақтандыруға беру талаптары бойынша).

4-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқасын беру, қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату тәртібі

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия Заңда және Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, оның ішінде мынадай:

1) Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін қайта ұйымдастыру;

2) осы сақтандыру сыныптарын және (немесе) қызмет түрлерін алып тастай отырып, лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптарын және (немесе) қызмет түрлерін алып тастау;

3) лицензиядан брокерлік қызметтің жекелеген түрін алып тастау;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптың болуы жағдайларында қайта ресімделуге жатады

15. Көрсетілетін қызметті алушы сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны қайта ресімдеу үшін уәкілетті органға Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ресімделген электрондық құжат нысанында портал арқылы лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті ұсынады.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптарын алып тастау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы уәкілетті органға Қағидаларға 5-қосымшаның 8-тармағында, 6-қосымшаның 8-тармағында, 7-қосымшаның 8-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиядан брокерлік қызметтің жекелеген түрін алып тастау үшін сақтандыру брокері, Қазақстан

Республикасының березидент- сақтандыру брокерінің филиалы уәкілетті органға Заңның 37-бабының 8-3-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш келіп түскен күні оны жауапты бөлімшеге жіберуді жүзеге асырады. Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының, 6-қосымшаға сәйкес "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 8-тармағының, 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының, 8-қосымшаға сәйкес "Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке немесе исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының, 9-қосымшаға сәйкес "Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының талаптарына сәйкес келуінің толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, қызмет көрсетуші құжаттарды алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде жауапты бөлімше 11 (он бір) жұмыс күні ішінде құжаттардың Заңның 37-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше бұйрық және лицензия жобаларын немесе лицензияны қайта ресімдеуден бас тартуды дайындайды, қызметті көрсетушінің уәкілетті тұлғасында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі).

Жауапты бөлімшенің қызметкері "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына, "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына, міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына, қайта сақтандыру немесе исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны қайта ресімдеу (қайта ресімдеуден бас тарту) туралы уәкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Барлық кіші түрлер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету процестері бірдей.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызмет көрсетушінің қызметкері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш келіп түскен күні оны жауапты бөлімшеге жіберуді жүзеге асырады. Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" 8-тармағының, 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің, "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" 8-тармағының, 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" 8-тармағының, 8-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің "Қайта

сақтандыру жөніндегі қызметке немесе исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру" 8-тармағының, 9-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің "Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" 8-тармағының талаптарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің келуінің толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, қызметті көрсетуші құжаттарды алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде жауапты бөлімше 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде құжаттардың Заңның 37-бабының, Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңның 34-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше бұйрық және лицензия жобаларын немесе лицензияны қайта ресімдеуден бас тартуды дайындайды, қызметті көрсетушінің уәкілетті тұлғасында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі).

Жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу (қайта ресімдеуден бас тарту) туралы шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің "жеке кабинетіне" жібереді.

Барлық кіші түрлер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету процестері бірдей.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның телнұсқасын беруге өтініш келіп түскен

күні оны жауапты бөлімшеге жіберуді жүзеге асырады. Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың Қағидаларға 5-қосымшаның 8-тармағының, 6-қосымшаның 8-тармағының, 7-қосымшаның 8-тармағының, 8-қосымшаның 8-тармағының, 9-қосымшаның 8-тармағының талаптарына сәйкес келуінің толық болуын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттар толық болған кезде жауапты бөлімше ұсынылған құжаттардың Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 31-тармағының талаптарына сәйкес келуін қарайды, лицензия телнұсқасының жобасын немесе лицензияның телнұсқасын беруден бас тартуды дайындайды, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

19. Көрсетілетін қызметті алушы қағаз нысанда берілген лицензияның телнұсқасын беруге сұрау салуды ұсынған жағдайда, лицензия электрондық форматқа ауыстырылады және электрондық нысанда беріледі.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия қолданысын тоқтата тұру және тоқтату Заңда көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

21. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия қолданысын тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім көрсетілетін қызметті алушыға орындау үшін жіберіледі.

22. Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған көрсетілетін қызметті алушы ай сайын әр айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей (лицензияның қолданысы жаңартылған не лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі аяқталған күнге дейін) уәкілетті органды анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы хабардар етеді.

23. Сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы лицензияның қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы уәкілетті органға лицензиясының қолданысын тоқтату туралы өтініш береді. Өтінішпен мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының уәкілетті органының лицензияның қолданысын тоқтату жөнінде уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беру туралы шешімі;

2) брокерлік қызметті жүзеге асыру бойынша қолданыстағы шарттар мен міндеттемелердің болмауын растайтын құжаттар.

Лицензия қолданысын тоқтату туралы өтінішті уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Лицензияның қолданысын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасау сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы мынадай шарттарды орындаған кезде жүргізіледі:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсыну;

2) сақтандыру брокерінде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалында брокерлік қызметті жүзеге асыру бойынша қолданыстағы шарттар мен міндеттемелердің болмауы.

Сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган лицензияның қолданысын тоқтатудан бас тартады. Сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтінішті қайта ұсынған кезде, оны уәкілетті органның қарау мерзімін есептеу оны қайта ұсынған күннен басталады.

Уәкілетті органның лицензияның қолданысын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы қағаз тасымалдағышта берілген лицензияның түпнұсқасын уәкілетті органға қайтарады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-тарау. Уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

24. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды уәкілетті органның басшысы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Уәкілетті органның басшысына жіберілетін шағымда:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы (жеке тұлғалар үшін);

2) атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні (заңды тұлғалар үшін) көрсетіледі.

Уәкілетті органның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) уәкілетті орган басшысының шағымның қабылдағанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының мынадай телефоны бойынша алуға болады: 8-800-080-7777 немесе 1414.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол уәкілетті орган шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау қағидаларына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
1-қосымша
Нысан

(уәкілетті органның толық
атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының толық атуы, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі (бар
болса), телефон нөмірі,
электрондық пошта мекенжайы)

Өтініш

(саланы, нысанын, сақтандыру сыныптарын, брокерлік қызмет түрін, қайта сақтандыру бойынша қызметті көрсету)

жүзеге асыру құқығына лицензия беруді сұраймын.

Жіберілетін құжаттар тізбесі:

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____

_____ жылғы " _____ " _____

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау қағидаларына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

(уәкілетті органның толық атауы)

_____ жүзеге асыру құқығына
лицензия

(лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

Лицензияның нөмірі берілген күні _____ жылғы " _____ " _____

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының толық атауы)

Осы лицензия:

сақтандыру сыныптары бойынша қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын береді.

Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

_____ жүзеге асыру құқығына

(сақтандыру қызметі, исламдық сақтандыру қызметі)

(лицензия берген мемлекеттік органның атауы, нөмірі, күні)

_____ жүзеге асыру құқығына

(қайта сақтандыру қызметі, исламдық қайта сақтандыру қызметі)

(лицензия берген мемлекеттік органның атауы, нөмірі, күні)

Төраға (Төрағаның орынбасары) _____

_____ (берілген жері)

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау
қағидаларына, сондай-ақ
құжаттардың мазмұнына
қойылатын талаптарға
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

_____ жүзеге асыру құқығына
лицензия

(лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

Лицензияның нөмірі берілген күні _____ жылғы " ____ " _____

(қайта сақтандыру ұйымының, исламдық қайта сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-қайта сақтандыру ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық қайта сақтандыру ұйымы филиалының толық атауы)

Осы лицензия "өмірді сақтандыру" саласындағы және "жалпы сақтандыру" саласындағы қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығын береді.

(қайта сақтандыру, исламдық қайта сақтандыру бойынша)
қызметті жүзеге асыру құқығына бірінші рет алған лицензия туралы деректер

(лицензия берген мемлекеттік органның атауы, нөмірі, күні)

Төраға (Төрағаның орынбасары) _____

(берілген жері)

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау қағидаларына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
4-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

Сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия

Лицензияның нөмірі берілген күні _____ жылғы " _____ "

(сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокері филиалының толық атауы)

(лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрінің атауы)

(лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрінің атауы)

осы лицензия сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығын береді.

Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

(лицензия берген мемлекеттік органның атауы, нөмірі, күні)

Төраға (Төрағаның орынбасары) _____

(берілген жері)

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау қағидаларына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
5-қосымша

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру.
	Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылған

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы

филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруына лицензия алу үшін.
Жазатайым жағдайлардан сақтандыру.
Ауырған жағдайдан сақтандыру.
Автомобиль көлігін сақтандыру.
Теміржол көлігін сақтандыру.
Әуе көлігін сақтандыру.
Су көлігін сақтандыру.
Жүктерді сақтандыру.
"Сақтандыру қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 3), 4), 5), 6), 6-1) және 7) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлікті нұқсан келуден сақтандыру.
Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
"Сақтандыру қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.
Заңды тұлғалардың қарыздарын сақтандыру.
Ипотекалық сақтандыру.
Кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру.
"Сақтандыру қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығынын сақтандыру.
Басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру.
Титулдық сақтандыру.
Сот шығыстарынан сақтандыру.
Ғарыш объектілерін сақтандыру.

		Ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша лицензия алу үшін. "Жалпы сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін. Лицензияны қайта ресімдеу үшін. Телнұсқа алу үшін.
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер бойынша: электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін.
		Кіші түрлер бойынша: 1) Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылған филиалының сақтандыру (қайта

5.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі

сақтандыру) қызметін жүзеге асыруына лицензия алу үшін
Жазатайым жағдайлардан сақтандыру, Ауырған жағдайдан сақтандыру, Автомобиль көлігін сақтандыру, Теміржол көлігін сақтандыру, Әуе көлігін сақтандыру, Су көлігін сақтандыру, Жүктерді сақтандыру, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 3), 4), 5), 6), 6-1) және 7) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлікті нұқсан келуден сақтандыру, Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, Заңды тұлғалардың қарыздарын сақтандыру, Ипотекалық сақтандыру, Кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 18) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығынын сақтандыру, Өзге де қаржы шығындарын сақтандыру, Титулдық сақтандыру, Сот шығыстарын сақтандыру, Ғарыш объектілерін сақтандыру, Ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру, Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша лицензия алу үшін, "Жалпы

		сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін – Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру; 2) Лицензияны қайта ресімдеу үшін – қайта ресімделген лицензияны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру; 3) Телнұсқа алу үшін – қолданыстағы лицензияның телнұсқасын не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алу. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Лицензиялық алым мөлшерлемесі: 1) сақтандыру қызметімен айналысуға лицензия беру үшін – 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке); 2) "жалпы сақтандыру" саласында қайта сақтандыру қызметімен айналысуға лицензия беру үшін – 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткішті; 3) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін - лицензияны бергені үшін мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.
		1) портал – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1. Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылған филиалы сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу кезінде ұсынылған бизнес-жоспарда көзделген сақтандыру сыныптары шегінде лицензия беру туралы өтініш; 2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 37-бабының 1-2-тармағында көрсетілген талаптардың орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері; 3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; 4) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

құжаттардың электрондық көшірмелері.

2. Қосымша сақтандыру сыныптары бойынша лицензия алу үшін:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар актуарий қол қойған және сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органы бекіткен бизнес-жоспардың электрондық көшірмесі.

3. "Жалпы сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) Қағидалардың 13-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар актуарий қол қойған және

сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі немесе Қазақстан Республикасының бейерзидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органы бекіткен қайта сақтандыру қызметін жүзее асыру жөніндегі бизнес-жоспардың электрондық көшірмесі.

4. Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары мерзімінен бұрын бұзылған және (немесе) сақтандыру портфелі берілген жағдайларда, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының мерзімінен бұрын бұзылғанын және (немесе) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру портфелінің берілгенін растайтын құжаттар;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының сақтандырудың жекелеген сыныптарын және (немесе) қызмет түрін лицензиядан алып тастау туралы шешімінің көшірмесі.

Уәкілетті орган сақтандырудың жекелеген сыныптары және (немесе) қызмет түрі бойынша лицензиядан айыру не Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты лицензияны қайта ресімдеу туралы шешім қабылдаған кезде тек өтініш беру және лицензияны қайтару (егер лицензия қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда) талап етіледі.

5. Телнұсқа алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса):

		1) электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді немесе цифрлық құжаттар қызметін көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.
		1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамау; 2) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейін алты ай бұрын белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы; 3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі; 4) басшы қызметкерді (жаңадан құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылатын филиалы үшін) келіспеу; 5) заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған; 6) лицензиялық алым төленбеген; 7) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына сәйкес резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының

9.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден
бас тарту негіздері

активтерін қалыптастыру бойынша талапты орындамау;

8) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау жөніндегі органы берген мәні бойынша ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыруға қолданыстағы лицензияның болмауы;

9) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының кемінде екі резидент басшы қызметкерлерінің болуы тұрғысынан "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында көрсетілген талапты сақтамау;

10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға тиіс қызметті немесе қызметтің жеке түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заң күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар;

11) соттың сот орындаушысы ұсынған ұсынымның негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша;

13) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Жоғарыда көрсетілген негіздерден басқа сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден бас тарту

		мынадай негіздер бойынша жүргізіледі: 1) алынатын қосымша сақтандыру сыныбы ескеріле отырып пруденциялық нормативтердің сақталмау болжамы; 2) өтініш беру күніне дейінгі соңғы 3 (үш) ай ішінде және оны қарау кезеңінде пруденциялық нормативтерді сақтамау; 3) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру түріндегі қолданыстағы санкцияның болуы; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мен мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz порталында орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығынан алу мүмкіндігі бар.

	Көрсетілетін қызметті алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алу шеңберінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік қызметтің жиынтығын көрсету көзделетін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.
--	--

Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидаларына, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарға 6-қосымша

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру.
	Жанадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашық филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша лицензия алу үшін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		"Өмірді сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сыныпты қоспағанда, өмірді сақтандыру. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сыныпты қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру. Зейнетақы аннуитеттік сақтандыру. Лицензияны қайта ресімдеу үшін. Телнұсқаны алу үшін.
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
		Барлық кіші түрлер үшін:

4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	электрондық (толық автоматтандырылған)/"бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін.
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Кіші түрлері бойынша: 1) Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашық филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін, сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша лицензия алу үшін, "Өмірді сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін, Аннуитеттік сақтандыру, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сыныпты қоспағанда, өмірді сақтандыру, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сыныпты қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру. 2) Лицензияны қайта ресімдеу үшін - қайта ресімделген лицензияны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру; 3) Телнұсқаны алу үшін - қолданыстағы лицензияның телнұсқасын немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алу. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрде.
		Лицензиялық алым мөлшерлемесі:

6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	1) сақтандыру қызметімен айналысуға лицензия беру үшін - 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш (сақтандырудың әрбір сыныбы үшін жеке); 2) "өмірді сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия беру үшін - 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш; 3) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия бергені үшін алынатын алым мөлшерлемесінің 10 (он) пайызы. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша немесе қолма-қол емес ақша түрінде, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес ақша нысанында жүзеге асырылады.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес, демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен

		дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1. Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат түрінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу кезінде ұсынылған бизнес-жоспарда көзделген сақтандыру сыныптары шегінде лицензия беру туралы өтініш; 2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 37-бабының 1-2-тармағында көрсетілген талаптардың орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері; 3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі; 4) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері. 2. Қосымша сақтандыру сыныптары бойынша лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат түріндегі өтініш; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі; 3) Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының

8.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

бейрезидент-сақтандыру ұйымының атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар актуарий қол қойған сақтандыру ұйымының директорлар кеңесімен немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органымен бекітілген бизнес-жоспардың электрондық көшірмесі.

3. "Өмірді сақтандыру" саласында қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) Қағидалардың 13-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар актуарий қол қойған сақтандыру ұйымының директорлар кеңесімен немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органымен бекітілген бизнес-жоспардың электрондық көшірмесі.

4. Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары мерзімінен бұрын бұзылған және (немесе) сақтандыру портфелі берілген жағдайларда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының мерзімінен бұрын бұзылғанын және (немесе) сақтандыру портфелін осы "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабында көзделген тәртіппен берілгенін растайтын құжаттар;

4) лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптарын және (немесе) қызмет түрін алып тастау туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінің көшірмесі.

Уәкілетті орган сақтандырудың жекелеген сыныптарын және (немесе) қызмет түрі бойынша лицензиядан айыру не Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты лицензияны қайта ресімдеу туралы шешім қабылдаған кезде тек өтініш және лицензияны қайтару (егер лицензия қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда) талап етіледі.

5. Телнұсқа алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделген болса):

- 1) электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
- 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді немесе цифрлық құжаттар қызметін көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамау;
- 2) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейінгі алты ай кезеңде белгіленген пруденциялық нормативтер мен сақталуы міндетті басқа міндеттемелерді сақтамау;
- 3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4) тағайындауға (сайлауға) ұсынылған кандидаттар санынан басшы қызметкерді келіспеу (жаңадан құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы үшін);
- 5) заңды тұлғалардың берілген санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салу;
- 6) лицензиялық алымның төленбеуі;
- 7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру бойынша талаптардың орындалмауы;
- 8) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген, мәні бойынша ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған қолданыстағы лицензияның болмауы;

9.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден
бас тарту негіздері

9) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында көрсетілген Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлері қатарында кемінде екі Қазақстан Республикасының резидент-басшы қызметкерінің болуы бойынша талаптардың сақталмауы;

10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға тиіс қызметті немесе қызметтің жеке түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заң күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

11) соттың сот орындаушысы ұсынған ұйғарымының негізінде көрсетілетін қызметті алушы - борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша;

13) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Қосымша сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруден бас тарту жоғарыда көрсетілген негіздерді қоспағанда, мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) алынатын қосымша сақтандыру сыныбын ескерумен пруденциялық нормативтердің сақталмау болжамы;

2) өтініш беру күніне дейінгі соңғы 3 (үш) ай ішінде және оны қарау кезеңінде пруденциялық нормативтерді сақтамау;

3) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның

		қолданысын токтата тұру түріндегі қолданыстағы санкцияның болуы. 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz. порталда орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қолжеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығынан алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алуы шеңберінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензия беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік қызметтің

	жиынтығын көрсету көзделетін " бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.
--	---

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
 қызметін және сақтандыру
 брокерінің қызметін
 лицензиялау қағидаларына,
 сондай-ақ құжаттардың
 мазмұнына қойылатын
 талаптарға
 7-қосымша

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жеке сыныптары болып табылатын міндетті сақтандыру түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жеке сыныптары болып табылатын міндетті сақтандыру түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жеке сыныптары болып табылатын міндетті сақтандыру түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жеке сыныптары болып табылатын міндетті сақтандыру түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру.
	Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Туристі міндетті сақтандыру. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру. Міндетті экологиялық сақтандыру . Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашық филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруына лицензия алу үшін. Міндетті сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша лицензия алу үшін. Міндетті сақтандырудың түрлері бойынша қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін. Лицензияны қайта ресімдеу үшін. Телнұсқа алу үшін.
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
		1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде:

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: электрондық (толық автоматтандырылған) /"бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген.
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Кіші түрлері бойынша: 1) Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, Туристі міндетті сақтандыру, Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру, Міндетті экологиялық сақтандыру, Жаңадан құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашық филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруына лицензия алу үшін, Міндетті сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша лицензия

		алу үшін, Міндетті сақтандырудың түрлері бойынша қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін - қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 2) Лицензияны қайта ресімдеу үшін - қолданыстағы лицензиядан алып тастау үшін таңдап алынған (таңдалған) сыныпты қоспағанда, бұрын берілген сыныптар бойынша лицензия алу не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 3) Телнұсқа алу үшін - қолданыстағы лицензияның телнұсқасын немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алу. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Лицензиялық алым мөлшерлемесі: 1) сақтандыру қызметімен айналысуға лицензия беру үшін - 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке); 2) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін – лицензия берген үшін алынатын алым мөлшерлемесінен 10 (он) пайыз. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша немесе қолма-қол емес ақша түрінде, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес ақша нысанында жүзеге асырылады.
		1) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1. Қайта құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ашылған филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылған бизнес-жоспарда көзделген сақтандыру сыныптарының шегінде лицензия беру туралы өтініш; 2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 37-бабының 1-2-тармағында көрсетілген талаптардың орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері; 3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

4) жарғылық капиталдың толық төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі.

2. Қосымша сақтандыру сыныптары бойынша лицензия алу үшін:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген, сақтандыру ұйымы немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар актуарий қол қойған және сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органы бекіткен қол қойған бизнес-жоспардың электрондық көшірмесі.

3. Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары мерзімінен бұрын бұзылғанда және (немесе) сақтандыру портфелі берілген жағдайда, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының мерзімінен бұрын бұзылғанын

		және (немесе) сақтандыру портфелінің берілуін растайтын құжаттар; 4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлері жалпы жиналысының сақтандырудың жекелеген сыныптарынан және (немесе) қызмет түрінен шығару туралы шешімінің көшірмесін. Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты уәкілетті орган сақтандырудың жекелеген сыныптары және (немесе) қызмет түрі бойынша лицензиядан айыру не лицензияны қайта ресімдеу туралы шешім қабылдаған кезде, тек өтінішті ұсыну және лицензияны қайтару (егер лицензия қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда) талап етіледі. 4. Телнұсқаны алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса): 1) электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттардың сервисінен Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.
		Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамау; 2) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейінгі алты ай кезеңде белгіленген пруденциялық

нормативтер мен сақталуы
міндетті басқа да нормалар мен
лимиттерді сақтамау;

3) ұсынылған құжаттардың
Қазақстан Республикасы
заңнамасының талаптарына
сәйкес келмеуі;

4) басшы қызметкерді келіспеу (
қайта құрылатын сақтандыру (
қайта сақтандыру) ұйымы,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымының қайта
ашылатын филиалы үшін);

5) заңды тұлғалардың аталған
санаты үшін қызмет түрімен
айналысуға Қазақстан
Республикасының заңымен тыйым
салу;

6) лицензиялық алымның
төленбеуі;

7) "Сақтандыру қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы
46-бабының 12-тармағына сәйкес,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымы филиалының
резерв ретінде қабылданатын
активтерін қалыптастыру
бойынша талаптардың
орындалмауы;

8) Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымында резиденті
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымы болып
табылатын мемлекеттің қаржылық
қадағалау органы берген, мәні
бойынша ұқсас қызмет түрлерін
жүзеге асыруға арналған
қолданыстағы лицензияның
болмауы;

9) "Сақтандыру қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының
34-бабында көрсетілген Қазақстан
Республикасы
бейрезидент-сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымы филиалының
басшы қызметкерлері қатарында
кемінде екі Қазақстан
Республикасының

резидент-басшы қызметкерінің болуы бойынша талаптардың сақталмауы;

10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға тиіс қызметті немесе қызметтің жеке түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заң күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

11) соттың сот орындаушысы ұсынған ұсынымның негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша;

13) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 8-бабына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуге талап етілетін, қол жетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жетімділікке көрсетілетін қызметті алушының берілетін келісімінің болмауы.

Қосымша сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруден бас тарту жоғарыда көрсетілген негіздерді қоспағанда, мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) алынатын қосымша сақтандыру сыныбын ескерумен пруденциялық нормативтердің сақталмауы болжамы;

2) өтініш беру күніне дейінгі соңғы 3 (үш) ай ішінде және оны қарау кезеңінде пруденциялық нормативтерді сақтамау;

3) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру түріндегі қолданыстағы санкцияның болуы;

4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 8-бабына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуге талап етілетін, қол жетімділігі шектеулі дербес

		деректерге қол жетімділікке көрсетілетін қызметті алушының берілетін келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz порталында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат алу шеңберінде сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жиынтығын көрсету көзделетін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау қағидаларына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын

"Қайта сақтандыру қызметіне немесе исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы		Қайта сақтандыру қызметіне немесе исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		Қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін. Лицензияны қайта ресімдеу үшін. Телнұсқа алу үшін.
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Барлық кіші түрлері бойынша: "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген.
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Кіші түрлері бойынша: 1) Қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 2) Лицензияны қайта ресімдеу үшін - қайта ресімделген лицензияны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру; 3) Телнұсқа алу үшін - қолданыстағы лицензияның телнұсқасын немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алу. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Лицензиялық алым мөлшерлемесі: 1) сақтандыру қызметімен айналысуға лицензия беру үшін - 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш (сақтандырудың әр сыныбы үшін бөлек); 2) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін - лицензияны бергені үшін алынатын алым мөлшерлемесінен 10 (он) пайыз. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша немесе қолма-қол емес ақша түрінде, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес ақша нысанында жүзеге асырылады.
		1) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1. Қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электронды құжаттың нысанында өтініш; 2) Қағидалардың 13-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген, сақтандыру ұйымы немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы атқарушы органының басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар актуарий қол қойған және сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару органы бекіткен қол қойған бизнес-жоспардың электрондық көшірмесі; 3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; 2. Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық құжаттың нысанында өтініш; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі; 3) Ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде болатын құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелерін. 3. Телнұсқа (егер бұған дейін берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) алу үшін: 1) электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттардың сервисінен Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.
		Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамау; 2) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейінгі алты ай кезеңде белгіленген пруденциялық нормативтер мен сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы; 3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы

9.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден
бас тартуға негіздеме

заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) басшы қызметкерді келіспеу (қайта құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қайта ашылатын филиалы үшін);

5) заңды тұлғалардың аталған санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салу;

6) лицензиялық алымның төленбеуі;

7) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру бойынша талаптардың орындалмауы;

8) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында резиденті Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген, мәні бойынша ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған қолданыстағы лицензияның болмауы;

9) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында көрсетілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлері қатарында кемінде екі Қазақстан Республикасының резидент-басшы қызметкерінің болуы бойынша талаптардың сақталмауы;

10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға тиіс қызметті немесе қызметтің жеке түрлерін тоқтата тұру немесе

		тыйым салу туралы заң күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 11) соттың сот орындаушысы ұсынған ұсынымның негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы; 12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша; 13) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 8-бабына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуге талап етілетін, қол жетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жетімділікке көрсетілетін қызметті алушының берілетін келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz порталында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын

	ашуға рұқсат алу шеңберінде сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жиынтығын көрсету көзделетін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.
--	--

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін
лицензиялау қағидаларына,
сондай-ақ құжаттардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
9-қосымша

"Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы	Құқығына лицензия алу үшін сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру сақтандыру брокері. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің жаңадан ашылған филиалының сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін. Брокерлік қызметтің қосымша түрін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін. Лицензияны қайта ресімдеу үшін. Телнұсқа алу үшін.
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және

	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасын берген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: электрондық (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Кіші түрлері бойынша: 1) Құқығына лицензия алу үшін сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің жаңадан ашылған филиалының сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін, Брокерлік қызметтің қосымша түрін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін - Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 2) Лицензияны қайта ресімдеу үшін - қолданыстағы лицензиядан алып тастау үшін таңдап алынған

		(таңдап алынған) сыныпты (түрлерді) қоспағанда, бұрын берілген сыныптар бойынша лицензия алу не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 3) Телнұсқа алу үшін - қолданыстағы лицензияның телнұсқасын немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алу. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Лицензиялық алым мөлшерлемесі: 1) сақтандыру брокерінің қызметімен айналысуға лицензия беру үшін алым - 300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіш; 2) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін алым – лицензия берген үшін алынатын алым мөлшерлемесінен 10 (он) пайыз. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша немесе қолма-қол емес ақша түрінде, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес ақша нысанында жүзеге асырылады.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде өтініштерді қабылдау және

		мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1. Сақтандыру брокерінің сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыруы құқығына лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электронды құжаттың нысанында өтініш; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі; 3) мемлекеттік тіркеуден өткен жарғының электрондық көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, нотариат куәландырған); 4) жарғылық капиталдың толық төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі; 5) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерін келісу құжаттары; 6) құрылтайшы-Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасына Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру брокерінің жарғылық капиталына қатысуға рұқсат етілетіні туралы тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (қаржы ұйымдары үшін - қадағалау органдарының) мемлекеттік тіркеу туралы құжатының, жазбаша хабарламасының не тиісті мемлекетінің заңнамасы бойынша ондай рұқсат талап етілмейтіні

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

туралы мәлімдеменің электрондық көшірмелері;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиядан айырылған, мәжбүрлеп тарату, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жылдан артық емес кезеңде құрылтайшы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтары бойынша, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің не өзге қаржы ұйымының басшы қызметкері ретінде соттылығының жоқ екендігі туралы тиісті мемлекеттің уәкілетті органы құжатының электрондық көшірмесі. Көрсетілген талап лицензиядан айырғаннан кейін, мәжбүрлеп тарату, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің қайта ашылған филиалы сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы брокерлік қызмет түрлері шеңберінде лицензия беруге өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі.

3. Брокерлік қызметтің қосымша түрін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжаттың нысанында өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) жарғылық және (немесе) меншікті капитал мөлшерінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең төменгі мөлшерге сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының резерв ретінде қабылданатын активтері мөлшерінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең төмен мөлшерге сәйкес келуін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы үшін).

4. Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық құжаттың нысанында өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі;

3) сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиядан брокерлік қызметтің жекелеген түрін алып тастау туралы сақтандыру брокері (Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің басқару органы) қатысушыларының жалпы жиналысы не акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне

		байланысты уәкілетті орган сақтандырудың жекелеген сыныптары және (немесе) қызмет түрі бойынша лицензиядан айыру не лицензияны қайта ресімдеу туралы шешім қабылдаған кезде, тек өтінішті ұсыну және лицензияны қайтару (егер лицензия қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда) талап етіледі. 5. Телнұсқаны алу үшін (егер бұған дейін берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса): 1) электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттардың сервисінен Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.
		1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамау; 2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі; 3) басшы қызметкерді келіспеу (қайта құрылатын сақтандыру брокері, ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы үшін); 4) Заңның 34-бабының 4-тармағына сәйкес, резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының активтерін қалыптастыру жөніндегі талапты орындамау;

9.	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздеме	5) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде резиденті Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген, мәні бойынша ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған қолданыстағы лицензияның болмауы; 6) заңды тұлғалардың аталған санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салу; 7) лицензиялық алымның төленбеуі; 8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға тиіс қызметті немесе қызметтің жеке түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заң күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 9) соттың сот орындаушысы ұсынған ұсынымның негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы; 10) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 8-бабына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуге талап етілетін, қол жетімділігі шектеулі дербес деректерге қолжетімділікке көрсетілетін қызметті алушының берілетін келісімінің болмауы.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және www.egov.kz порталында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жиынтығын көрсету көзделетін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.
-----	--	--

Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидаларына, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарға
10-қосымша
Нысан

(уәкілетті органның толық атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Өтініш

лицензияны

(лицензияның атауы, күні және нөмірі көрсетілсін)

байланысты

(лицензияны қайта ресімдеудің себебі көрсетілсін)

қайта ресімдеуді сұраймын.
Жіберілетін құжаттардың тізбесі:

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы

_____ жылғы " _____ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2021 жылғы 12 ақпандағы
№ 24 қаулысына
3-1 қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтарып алу қағидалары

Ескерту. Талаптар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтарып алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 37-бабының 17-тармағына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтарып алу тәртібін айқындайды.

Қағидалардың ережелері Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына қатысты қолданылады.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтарып алу тәртібі

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Заңның 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру портфелі берілгеннен соң, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары мерзімінен бұрын бұзылғаннан кейін лицензияны ерікті түрде қайтару туралы өтінішпен (бұдан әрі – өтініш) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға жүгінеді.

3. Өтінішке қоса мына құжаттар ұсынылады:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензияны ерікті түрде қайтару туралы шешімі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының мерзімінен бұрын бұзылғанын және (немесе) сақтандыру портфелінің берілгенін растайтын құжаттар;

3) өтініш жіберілген күннің алдындағы күні жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомасы және олардың туындау негіздері көрсетілген ақпарат беріледі.

4. Қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті уәкілетті орган құжаттардың толық топтамасы келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды.

5. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады

6. Өтінішпен бірге ұсынылған құжаттарға қатысты ескертулер болатын болса, уәкілетті орган оларды жою және пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулері бар хат жібереді. Өтініш беруші ескертулерді жояды және пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органның өтінішті қарау мерзімі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ескертулерді жою мерзіміне қарай уақытша тоқтатылады.

7. Уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензияның қағаз тасымалдағышта берілген түпнұсқасын уәкілетті органға қайтарады.

8. Уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға кез келген тілдегі атауынан "сақтандыру", "қайта сақтандыру", "сақтандыру ұйымы", "қайта сақтандыру ұйымы" деген сөздерді немесе оның өз атынан сақтандыру не қайта сақтандыру операцияларын жүргізетінін білдіретін, олардан туындайтын сөздерді алып тастау бөлігінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мемлекеттік қайта тіркеу туралы хабарлайды.

9. Мына жағдайларда уәкілетті орган лицензияның қолданысын тоқтатудан бас тартады:

- 1) құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы;
- 2) уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсынылған құжаттар бойынша ескертулердің жойылмауы;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру бойынша қолданыстағы шарттар мен міндеттемелердің болуы.

Қаулыға 4-қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру қағидаларын және шарттарын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидаларын, сондай-ақ лицензия алу үшін ұсынылатын құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 122 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4731 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 182 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5478 болып тіркелген, "Заң газеті" 2009 жылғы 17 ақпан № 24 (1447) бекітілген лицензиялау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 2-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру және актуарлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 23 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6157 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 25 қыркүйектегі № 253-254 (26314-26315) 2-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1

желтоқсандағы № 184 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6766 болып тіркелген, 2011 жылғы 16 қыркүйекте Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 7 жарияланған).

5. Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 235 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 болып тіркелген, 2012 жылы 21 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 763-767 (27839) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 3-тармағы.

6. Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 болып тіркелген, 2013 жылы 06 тамызда "Заң газеті" газетінде № 115 (2316) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 19-тармағы.

7. Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 109 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9712 болып тіркелген, 2014 жылы 28 қазанда "Заң газеті" газетінде № 162 (2556) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 5-тармағы.

8. Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 261 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10211 болып тіркелген, 2014 жылы 28 қазанда "Заң газеті" газетінде № 162 (2556) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін

мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 3-тармағы.

9. "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 93 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11670 болып тіркелген, 2015 жылы 30 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 2-тармағы.

10. Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 127 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14277 болып тіркелген, 2016 жылы 24 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 6-тармағы.

11. Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 17 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15104 болып тіркелген, 2017 жылы 9 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 2-тармағы.

12. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 230 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17820 болып тіркелген, 2018 жылы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 1-тармағы.

13. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 122 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 47 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20233 болып тіркелген, 2020 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

14. "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ашуға рұқсат беру қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметті жүзеге асыру қағидаларын және шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 87 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21270 болып тіркелген, 2020 жылы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

15. "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидаларын және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 88 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21245 болып тіркелген, 2020 жылы 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).